

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 501
Жарлығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 25 ақпандағы N 749 Жарлығы
Қазақстан Республикасының Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 501 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 49, 599-құжат; 2008 ж., N 9, 89-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімінде :

С санаттарының тобында :

С-О-1 санаты мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк филиалының директоры";

С-О-2 санаты мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк филиалы директорының орынбасары";

С-О-4 санаты мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк филиалының бөлім бастығы".

2. Осы Жарлық 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*